



Ағылшыннан бейресми аударма

ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ

**Қазақстандағы ЕО Өкілдігінің Басшысы, Елші Аурелия Бушездің
VI Астана экономикалық форумы аясында 2013 жылы 22-24 мамырда өткізілген
Жаһандық әйелдер форумында сөйлеген сөзі**

Сессия: «Қоғамды әлеуметтік жаңарту – өмірдің сапасын жақсарту жөніндегі стратегиялар»

Астана, 22 мамыр 2013 ж.

Менің бүгін Жаһандық әйелдер конгресіне қатысуым және әлеуметтік жаңарту мен өмір сапасын жақсарту мәселелерінде әйелдер рөлі туралы айту мен үшін үлкен құрмет және артықшылық екенінен сөзімді бастауға рұқсат етіңіздер. Мен осы конференция ұйымдастырушыларына тамаша бастамалары үшін ризашылығымды білдіргім келеді. Әрине, бүгінгі талқылауымыздың тақырыбының маңызы зор, себебі еркек пен әйел арасындағы теңдік ЕО негіз қалаушы қағидаттарының бірі.

Теңдік, Еуроодақ негізделген бес құндылықтың бірі болып табылады. Еуропа Одағы барлық салаларда әйелдер мен еркектердің теңдігіне жетуге ұмтылады, бұны Еуропа Одағы туралы Шарт растайды. Бұл Шартта «ЕО құндылықтары барлық мүше-мемлекеттер үшін ортақ, бұл плюрализм, кемсітпеу, төзімділік, әділдік, ынтымақтастық пен әйелдер мен еркектердің теңдігі басым қоғам» делінген (ЕОШ, 2 және 3-баптары).

Сонымен қатар, ЕО Негізгі құқықтар туралы хартиясында осындай теңдік туралы айтылған және жыныс себебі бойынша кемсітуге тыйым салынған. Ол «әйелдер мен еркектердің теңдігі жұмыспен қамтуды, жұмысты және жалақыны қоса алғанда, барлық салаларда қамтамасыз етілуі тиіс» екенін растайды (ОЖ С 303, 14.12.2007, 23-бап 1-б., Әйелдер мен еркектердің теңдігі).

Осыны ескере отырып, Еуропа Одағының гендерлік теңдік мәселелерінің мақсаттарына әйелдер мен еркектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету әрі әйелдермен және еркектермен тең қарым-қатынастар құру, сондай-ақ жыныс себебі бойынша кемсітудің кез келген түрімен күресу жатады. Осы мәселе бойынша ЕО гендерлік келелі мәселелер жиынтығын шешу үшін нақты шараларды үйлестіре отырып, екіжақты тәсіл қолданады. Сондай-ақ бұл мәселенің кедейлікпен күреске қатысты, білім мен денсаулық сақтауға қол жетімділікке, экономикаға және шешімдер қабылдау үдерісіне, әйелдер құқығына және адамдар құқығына қатысты халықаралық резонансы күшті.

2010 жылы 21 қыркүйекте қабылданған ЕО гендерлік теңдік стратегиясында негізгі: тең экономикалық тәуелсіздік; тең еңбекке тең төлем және тең еңбек құндылығы; шешімдер қабылдауда теңдік; адамгершілік, тұтастық және гендерлік зорлықты тоқтату, сыртқы іс-шараларда гендерлік теңдік бес артықшылыққа негізделген бірқатар шаралар жазылған.

ЕО осы стратегиясында көрсетілгендей, соңғы он жылдықта әйелдердің еңбек нарығына кеңінен қатысуы экономикалық өсуге және тең экономикалық дербестілікке ықпал етті. Басқаша айтқанда, еңбек нарығындағы әйелдердің көптігі адам капиталын кеңейтуге және ЕО елдерінің бәсекеге қабілеттігін арттыруға көмектесті, сондықтан да бүгінгі кездесуіміздің тақырыбы осы аптада өтетін Астана экономикалық форумында талқылау үшін өзекті болып табылады.

Бұдан басқа, ЕО-ның әлеуметтік қорғау жүйесін жаңғырту жөніндегі келісілген стратегиясында еркектің сияқты, сондай-ақ әйелдің еңбекке қатысу маңыздылығы, баланың жеткілікті күтіммен айналысуға мүмкіндік беретін жұмыс пен отбасылық өмірді қатар атқару, соның ішінде демалыстар, ата-аналар демалысын беру, ішінара жұмыс күні және икемді жұмыс кестесінің маңыздылығы атап көрсетілген.

Бұл Стратегияда мынадай мақсаттар: жұмыс лайықты төлем мен кепілді табысты қамтамасыз етуге тиіс; зейнетақылар мен зейнетақымен қамтамасыз ету қорғалған және тұрақты болуы тиіс; әлеуметтік ықпалдастықты жылжыту, сондай-ақ денсаулық сақтаудың жоғары сапасы мен тұрақтылығы ұсынылады.

Сондай-ақ «ЕС 2020 Стратегияларында» өсімді қамтамасыз етуде және әлеуметтік жаңғыртуда әйелдер рөлі сипатталған. Стратегияда әйелдің маңызды рөлі аталған және ЕО әйелдердің кәсіпкерлік әлеуеті экономикалық өсім көзі ретінде толық пайдаланылмайты туралы атап көрсетілген. Бұдан басқа ЕО өзін өзі қамтитындармен тең қарым-қатынас құру туралы директиваны қабылдады, бұл мүше-мемлекеттерге одан әрі оң шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. ЕО Кәсіпкерлік туралы заңының бірнеше тармағында әйелдерге сілтеме жасалған және әйелдердің кәсіпкерлік мүдделері мен таланттарын жандандыру қажеттігі көрсетілген.

Кең жұртышылық үшін қабылдайтын ЕО нақты бастамалары:

Деректерді жинау және бағалау: ЕО-да әйелдер кәсіпкерлігін қолдау үшін Еуропалық желі қосылды, оның аясында ЕО әртүрлі елдерінде *кәсіпкер-әйелдерді қолдау жөніндегі шаралар* бағаланады.

Ақпарат және қауіпсіздік: ЕО-да әйелдер кәсіпкерлігінің порталы ашылды, онда бүкіл ЕО бойынша ақпарат қамтамасыз етіледі және әйелдер кәсіпкерлігіне көмектесу негізгі міндетіне қосымша ағымдағы Кәсіпкерлік және инновациялар бағдарламасын қаржыландыру құралы ұсынылды.

Желілер ашу: ЕО-да әйелдерге рұх беретін үлгілерді ұсыну үшін *Еуропалық әйелдер кәсіпкерлігі желісінің елшілері* және *Кәсіпкер-әйелдерге арналған тәлімгерлер желісі* құрылды.

Капиталға қол жеткізуді жақсарту: Еуропалық Әлеуметтік Қор *кәсіпкер-әйелдерге атаулы қолдау көрсетуде*.

ЕО-да гендерлік саясат сыртқы саясатта іске асырылады және бұны ЕО мен Қазақстан ынтымақтастығы мысалында көрсетуге болады.

Әйелдер мен қыздарды кемсітудің және зорлықтың барлық нысандарымен күреске қатысты ЕО қағидаттарын іске асыру үшін ЕО жергілікті Стратегияны қабылдады.

Қазақстандағы әйелдер ахуалы адам құқықтарына арналған жергілікті кеңестерде (Өкілдік пен елшіліктер) және ЕО Өкілдігінің жергілікті ҰЕҰ кездесулері уақытында қадағаланады. Бұдан басқа ЕО-ОА азаматтық қоғам семинары 2010 жылы тек әйелдер құқығына арналды.

Маған Қазақстан Республикасында ЕО гендерлік саясат саласындағы қызметін қысқаша сипаттауға рұқсат етіңіздер. 2004-2012жж. Кезеңінде ЕО Өкілдігі әртүрлі мәселелерге бағытталған, соның ішінде әйелдер құқықтары туралы хабардарлықты жоғарылатумен, әйелдер мен балалар денсаулығымен, отбасындағы зорлықпен және мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және кең жұртшылықтың хабардарлығымен және әйелдердің сот әділдігіне қол жеткізуімен байланысты бірқатар жобаларды іске асырды. Ең соңғы жобалар мынадай: ШОК, аналар мен балалар денсаулығы мәселелерімен байланысты болды.

1) Туризмге көмек көрсету үшін делдал коммерциялық ұйымдардың мүмкіндіктерін жақсартып отырып, туристік секторды нығайту (2011-2012жж., 484 679 еуро, өңірдің ОА жобасы). Жоба Қазақстан мен Өзбекстанда мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, кәсіпкер-әйелдердің қатысуына баса назар аудара отырып, экологиялық туризм аясында білікті шағын және орта кәсіпорындар (ШОК) желісін дамытуға бағытталды. Әйелдер құрған туризмнің ұсақ жеке кәсіпорындарын дамыту бұл секторды екі өңірде де бәсекеге қабілетті етуге тиіс. Қызметтің негізгі бағыттары тәжірибемен және озат практикамен алмасуда, ЕО-дағы әріптестерге танысу сапарларымен бару және кәсіпкер-әйелдердің қатысуына баса назар аудара отырып, білікті туристік ШОК-тарға көмек көрсету құралдары мен әдістерін ұсынумен ОА сауда әлеуетін арттыру мақсатында делдал ұйымдардың қызметкерлерін оқытуда.

2) 1 199 916 еуро бюджетімен «Қазақстан Республикасында ана мен баланың денсаулығын қолдау» екі жылдық бағдарламаны ДДҰ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен ынтымақтастықта, денсаулық жағдайын жақсарту мақсатымен табысты іске асырды.

Осы екі мысал, ЕО Қазақстанмен ынтымақтастық арқылы әйелдердің әртүрлі саладағы: үйде болсын немесе бизнесте болсын тұрмысын әлеуметтік жаңартуға және жақсартуға өз үлесін енгізуге тырысатынын көрсетеді.

Сөзімнің соңында Қазақстан әйелдердің жағдайын жақсартуға және осы саладағы біздің Қазақстанмен ынтымақтастығымыздың сапасына көңіл бөлгеніне ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер. Мен Қазақстан әйелдерін қолдауда және қойылған міндеттерді орындауда әйелдердің рөлін табысты талқылауда қазақстандық әріптестерімізбен одан ары ынтымақтастыққа сенемін.

Назарларыңызға рахмет.